

**"Мемлекеттік орман қоры участкерінде орман пайдалану төлемақысының ставкалары туралы" облыстық мәслихаттың 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 236 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Ақтөбе облыстық мәслихаттың 2016 жылғы 3 маусымдағы № 24 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 5 шілдеде № 4982 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман Кодексінің 14-бабының 2) тармақшасына, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы" (Салық Кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 506-бабының 1-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Занының 6-бабының 5-тармағына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2009 жылғы 12 маусымдағы № 344 бүйрығымен бекітілген, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5719 тіркелген, Мемлекеттік орман қорында және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда орман пайдалану үшін төлем ставкаларын есептеуге арналған Ережелердің 4 және 8-тармақтарына сәйкес, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. "Мемлекеттік орман қоры участкерінде орман пайдалану төлемақысының ставкалары туралы" облыстық мәслихаттың 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 236 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3326 тіркелген, 2010 жылғы 9 ақпанда "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешімге 1, 2, 3-қосымшалар осы шешімге 1, 2, 3- қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихаттың  
сессия төрағасы  
Ж. МҰХАМБЕТПАЙЗОВА

Облыстық мәслихаттың хатшысы С.  
ҚАЛДЫРҰЛОВА

2016 жылғы 03 маусымдағы  
№ 24 облыстық мәслихаттың  
шешіміне 1- қосымша  
2009 жылғы 21 желтоқсандағы  
№ 236 облыстық мәслихаттың  
шешіміне 1- қосымша

## **Мемлекеттік орман қоры участкерінде қосалқы сүрек ресурстарын дайындауға төлемақы ставкалары**

№	Қосалқы сүрек ресурстарының түрлері	қабық-тар , тонна АЕК)	бұтақ-тар, тонна АЕК)	түбір-лер тонна АЕК)	тамыр- лар (, тонна АЕК)	жапырақ-тар тонна ( килограмм (АЕК)	бүршіктер, (АЕК)
1.	Карағай	0,021	0,042	0,0105	0,063	0,0315	0,021
2.	Емен, шаган	0,041	0,082	0,0205	0,123	0,0615	0,041
3.	Жабысқақ кара қандығаш, үйенкі, шегіршін, жеке	0,014	0,028	0,007	0,042	0,021	0,014
4.	Қайың	0,016	0,032	0,008	0,048	0,024	0,016
5.	Көктерек, ағаш тектес тал, терек	0,011	0,022	0,0055	0,033	0,0165	0,011
6.	Сары қараған, бұта тектес талдар, шырғанақ, жұзғін, шенгел және өзге де бұталар	0,012	0,024	0,006	0,036	0,018	0,012

Негіздеме: Мемлекеттік орман қоры участкерінде орман пайдалану төлемақы ставкаларының есебі, "Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" ММ жасалып және "Ақтөбе облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы" ММ келісілген.

2016 жылғы 03 маусымдағы

№ 24 облыстық мәслихаттың шешіміне 2- қосымша

2009 жылғы 21 желтоқсандағы

№ 236 облыстық мәслихаттың шешіміне 2- қосымша

## **Мемлекеттік орман қоры участкерін жанама орман пайдалану үшін төлемақы ставкалары**

№ п/с	Жанама орман пайдаланудың түрлері	Өлшем бірлігі	Төлемақы ставкалары, тенге
1.	Шөп шабу, соның ішінде шабындық жерлердің сапалық жай-куйінің топтары бойынша:		
1.1	жақсы	га	1564
1.2	қанағаттанарлық	га	1173
1.3	нашар	га	912
2.	Мал жаю, соның ішінде ауыл шаруашылық жануарларының топтарына сәйкес малдың бір басын жаю үшін:		
2.1	түе	бас	912
2.2	ірі қара мал, жылқы	бас	730
2.3	ірі қара малдың төлі, есек	бас	365
2.4	ешкі	бас	638
2.5	кой	бас	182
3.	Орман қоры участкерін бау-бақша, басқадай ауыл шаруашылық дақылдарын өсіру, плантациялық орман өсіру мен орман тәлімбақтарын ұстая үшін қолдану		
		0,01	

3.1	ауданы 0,50 гектарға дейін болса	гектар	20
3.2	ауданы 0,50 гектардан жоғары болса	0,01 гектар	100

**Негіздеме:** Мемлекеттік орман қоры участекерінде орман пайдалану төлемақы ставкаларының есебі, "Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" ММ жасалып және "Ақтөбе облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы" ММ келісілген.

2016 жылғы 03 маусымдағы

№ 24 облыстық мәслихаттың  
шешіміне 3- қосымша

2009 жылғы 21 желтоқсандағы

№ 236 облыстық мәслихаттың  
шешіміне 3- қосымша

## **Аңшылық шаруашылығының мұқтаждықтары үшін, ғылыми-зерттеу, мәдени-сауықтыру, туристік, рекреациялық және спорттық мақсаттарда мемлекеттік орман қоры участекерін пайдалану үшін төлемақы ставкалары**

№ р/ с	Пайдалану түрлері, соның ішінде мерзімдері бойынша	Өлшем бірлігі	Төлемақы ставкалары (тенге, АЕК)
<b>Ұзақ мерзімді орман пайдалану (10 жылдан 49 жылға дейін)</b>			
1.	Мемлекеттік орман қоры участекерін туристік, рекреациялық және спорттық мақсаттары үшін пайдалану	гектар	5946
2.	Мемлекеттік орман қоры участекерін ғылыми-зерттеу, мәдени-сауықтыру мақсаттары үшін пайдалану	гектар	652
3.	Мемлекеттік орман қоры участекерін аңшылық шаруашылығының мұқтаждықтары үшін пайдалану	гектар	1303
<b>Қысқа мерзімді орман пайдалану (1 жылға дейін)</b>			
4.	Мемлекеттік орман қоры участекерін туристік, рекреациялық және спорттық мақсаттары үшін пайдалану	адам-күн	0,1 АЕК
5.	Мемлекеттік орман қоры участекерін ғылыми-зерттеу, мәдени-сауықтыру мақсаттары үшін пайдалану	адам-күн	0,1 АЕК

**Негіздеме:** Мемлекеттік орман қоры участекерінде орман пайдалану төлемақы ставкаларының есебі, "Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" ММ жасалып және "Ақтөбе облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы" ММ келісілген.